

Теректі негізгі мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы ата – аналармен бірлесе атқарған іс – шаралар есебі.

Теректі негізгі мектебінде «Мектеп – ата – ана – оқушы» үштігі бірлестігіне орай жыл бойы ата-аналармен түрлі жұмыстар жүргізілді. Жалпы мектепте жылына 4 рет жалпы ата-аналар жиналысы, 5 рет сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Ата-аналар мектепшілік іс – шараларға белсене қатынасады. Отбасындағы тәрбие мәселесіне байланысты мектебімізде «Отбасы-өмір ұясы» ата-аналар мектебі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы аясында мектебімізде «Әкелер» клубы, «Аналар» клубы мектебі. Аталған клубтар бойынша жыл бойы онлайнда, оффлайн да форматта жұмыстар ұйымдастырылды. Ата-аналар әлеуметтік серіктестік құрылып жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге мектеп психологы әр түрлі тақырыптарда ата-аналарға тренингтер ұйымдастырды.



"Буллинг пен кибербуллинг дегеніміз не?" Тақырыбы бойынша ата-аналарға жиналыс өткізілді.

Бала біздің жарқын болашағымыз, болашаққа деген үмітіміз. Осы жолда бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Қазіргі технологияның қарыштап дамып жатқан заманында, балаларымызды кибербуллингтен қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-ана мен ұстаздардың парызы. Осы орайда, балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында ата-аналар мен ұстаздардың үнемі назарында ұстауы қажет екені айтылып, ақпараттарды түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Қарттар күніне орай ұйымдастырылған "Қарттарым аман-сау жүрсін" тақырыбында 7-8сынып оқушылары арасында қарт әжелер мен сыр сұхбат түрінде ашық тәрбие сағаты өткізілді



Отбасы күніне орай ұйымдастырылған апталықта "Мен және жанұям" тақырыбында 5-6-7-8 сынып оқушылары мен ата-аналарының арасында сайыс өткізілді. Нәтижесінде 1орын жеңіп алған Жайықовтар отбасы, 2орынға Төлегеновтер отбасы, 3орынға Халеловтар отбасы және Есқалиевтер отбасы мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

□ □ Мақсаты: оқушыларды отбасы құндылықтары мен бауырмалшылдық, қамқоршылық, ауызбіршілік қасиеттеріне баулу. Еңбекқорлық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Ата – аналармен бірлескен түрлі рейдтер ұйымдастырылды. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалуы, сабаққа кешігіп келуі, бей мезгіл уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау мақсатында. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу.

Директордың тәрбие орынбасары: Г.Е.Қазыбаева